

1-тапсырма. Кестені толтыр. Берілген сөздің сөйлемнің қай бөлігіне қойылғаны дұрыс екенін анықта. Сөзді берілген орынға қойғанда сөйлемнің мағынасы өзгерлі ме? Тексер.

Сөйлем	Қаннен-қаперсіз
Осылай _____ жүргенінде дедлайн өтіп кетпесін.	
Осылай жүргенінде _____ дедлайн өтіп кетпесін.	
Осылай жүргенінде дедлайн _____ өтіп кетпесін.	
	Басы ауырып тұрған соң
_____ сабаққа әрең келіпті.	
Сабаққа _____ әрең келіпті.	
Сабаққа әрең _____ келіпті.	
	Жалма-жан
_____ қолындағысын сөмкесіне салып үлгерді.	
Қолындағысын _____ сөмкесіне салып үлгерді.	
Қолындағысын сөмкесіне _____ салып үлгерді.	

2-тапсырма. Сөйлемдерді керек сөздермен мағынасына сай толықтыр.

Санжар орнынан _____ тұрып кетті.	пысықтауыш
_____ сізге айтармын.	толықтауыш
Күні-түні емтиханға дайындалып жүр, достарымен _____ кездеседі.	пысықтауыш
_____ үйдің тұсынан өте бергенде дөңгелегім жарылып қалды.	анықтауыш
Ертеден салт-дәстүрді _____ қазақпыз ғой.	анықтауыш